

AQTÓǴAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№27 (7864)
Жұма
8 шілде
2022 жыл

9 шілде – Құрбан айт мерекесі

Елорда – елімнің жүрегі

ҰЛЫҚ МЕЙРАМ – ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аса мейірімді, ерекше рақымды Алланың атымен бастаймын!

Қасиетті де қастерлі Құрбан айт мейрамына аман-есен жеткізген Раббымызға сансыз шүкірлер болсын! Құрметті қарағандылықтар, қадірменді бауырлар! Баршаңызды ұлық мерекемен шын жүректен құттықтаймын!

Құрбан айт – жүрекке жылу сыйлайтын, Жер-жаһандағы адамзаттың барлығын татулық пен бірлікке, сыйластық пен ауызбірлікке, кешірімге шақыратын күн. Адамзат баласы бұл күні құлшылық, ғибадаттарын арттырып, құрбандық шалу сияқты сауапты істерімен Аллаға жақындай түсуге ұмтылады. «Құрбан» сөзінің өзі араб тілінен аударғанда «қақындау» деген мағынаны береді. Әлем мұсылмандарының басы бір жерде қосылып, қажылық парызын өтейтін де осы кез.

Құрметті мұсылман бауырлар мен отандастар!

Ұлық мереке құтты болсын! Айт күнгі ізгі ниеттеріңіз бен шалған құрбандықтарыңызды Алла тағала қабыл етсін. Әрбір отбасына бақыт, береке қонғай! Көп ұлт пен ұлысты Отанымызға бірлік пен ынтымақ бергей! Жаратушы иеміз сүйікті Қазақстанымыздың мерейін үстем етіп, халқымыздың ауызбірлігін арттыра бергей! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Тәуелсіздігіміз баянды болғай! Әумин!

Өмірзақ қажы Бекқожа,

ҚМДБ-ның Қарағанды облысы бойынша өкіл имамы.



Жолдау мұраты – ел мүддесі

санасында жаңғырту, халықты әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері қамтылды. «Бұл Жолдауды іске асыру үшін Конституцияға 30-дан астам өзгеріс енгізу қажет», – деп атап өтті Президент. Биылғы Жолдау өкімшілік-аумақтық өзгерістерге алып келген негізгі айшықты ойлармен де ерекшеленді.

Тарихи тамырға сүйеніп отырып, Алматы,

Ұлт бірлігі елді болашаққа бастайды

Президентіміздің әрбір Жолдауы – Қазақстанды дамытуға арналған қадамның қозғаушы күші. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қос палатаның бірлескен отырысында Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты кезекті Жолдауын жариялаған болатын. Президент Жолдауы елімізде жаңа саяси тәртіп құрудың негізі болды.

«Қаңтар оқиғасы» деген атаумен тарихта қалған сындалы сәттің әрбір мән салдарын, себептерін арқау ету арқылы басталған бұл саяси құжат халыққа расында, серпіліс, сенім сыйлады. Президент өз Жолдауында елімізді күтіп тұрған өзгерістерге тоқталып, жақын арада жүзеге асырылатын саяси реформалар мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелеріне және қазақстандықтардың әл-ауқатын одан әрі арттыру міндеттерін іске асыруға бағытталған жоспарларымен таныстырды.

Әлемде орын алып жатқан гәсәсияси оқиғалардың әсерінен туындаған кризистік жағдайлар ел экономикасына, әлеуметіне қауіп төндірмәуі тиістігін ескертіп, қуатты ел құрудың негізгі бағыттарын атады. Атап айтқанда, ішкі саяси мәселелер, электронды сайлау технологияларын енгізу, ұлттық құрылтай құру, Конституциялық сот құру, Мәжілістегі депутаттық орынның жалпы санын қысқарту, бұқаралық ақпарат құралдарының ролін нығайту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұланғайыр жеріміздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ

Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарын екіге бөліп, Ұлытау, Абай, Жетісу облыстарын құру туралы шешімі халық күткен, көңілге қонымды іс болды. Бұл – тек дәстүрлі сабақтастығымызды сақтау ғана емес, сол аумақтағы халықтың бүгінгі тұрмысына да айтарлықтай оң өзгеріс алып келері анық.

Жолдау ең алдымен қазақ мемлекеттігінің саяси жүйесінің жаңа әрі сара жолын сипаттады. «Реформалардың жаңа бағдарламасы нақтыланды, биліктің тармақтары жүйеленді, халықтың азаматтық қатысу белсенділігінің сипаты белгіленді. Сол арқылы Қазақстандағы жаңа саяси мәдениеттің жарқын үлгісі айшықталды деп білемін. Президент: «Қағаз бетінде ғана жүзеге асырылған, бірақ шындыққа еш жанапайтын жалған табыстарға масаттанып отыратын заман келмеске кетті», – деді.

Парламенттің ролін күшейтіп, сайлау жүйесіне қатысты нақты өзгерістерді атап өтті. Мемлекет басшысының барлық бастамалары өзекті. Енді жаңа Қазақстанның жаңару мен жаңғыруы жолында бәріміз аянбай еңбек етуіміз керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы ел тарихындағы ерекше бастамаларға, оңды өзгерістерге толы кезеңнің бастауы болды деп санаймын.

Д.Оспанова,

Сарышаған көпті ЖББО мектебінің мұғалімі.



Бағаналы ордан, басты ордан

Тарихқа үнілсең, астанасыз болмағаныңа сүйсінесің. Сақтардың салтын сақтап, ғұндардың ғұрпын ұстанып, көк түрікті тамырымыз деп ұғындық. Арқадан Алатауға көз жүгіртсең, ұлан-байтақ жер жатыр. Алтайдан Атырауға қарасаң, бетегелі бел жатыр. Қас көрінде «бағаналы ордан, басты ордан, күн дидарлы астанам» – Нұр-Сұлтан шаһары шырай төгіп тұр! Елорда Тәуелсіз Қазақстанның үш онжылдықтағы қол жеткен жетістіктерінің бастауы. Еуразияның жүрегіндегі мың бояулы, миллиондаған тағдыр тоғысқан жауһар шаһар. Есілдің жағасына, Сарыарқаның төсіне шашылған інжу-маржан!

Астананы Арқа төсіне көшіру идеясы іске асқан уақытты Қазақ елінің болашақ тағдырын айқындаған тарихи кезең деп атауға болады. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың әлеуметтік-экономикалық жағдайдың әлі де онала қоймаған тұстағы бастамасы бірден қолдау таппағаны белгілі. Бірақ Елбасының табандылығы арқасында ешбір кедергіге қарамастан, Арқа төсінде шырайлы шаһар бой көтерді. Арқадағы өсем астанамызды Елбасының есімімен байланыстыруда терең мән бар.

Нұр-Сұлтан астана болғалы оның төрі адамзат баласын бейбітшілік пен келісімге, түсіністік пен толеранттылыққа үндейтін әлемдік шаралардың орталығына айналды. Сондықтан, еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін астананы мақтаныш етеді, оны елдігіміздің, мемлекеттігіміздің нышанындай қабылдайды.

Тарихқа аз-кем шолу жасасақ, бас қаланың тарихындағы айтулы күндер ел есінде мәңгі қалды. Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді. Жаңа астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті. Ал 2019 жылдың 23 наурызында қалаға Нұр-Сұлтан атауы берілді.

Бұл қала – халқымыз үшін Тәуелсіздік пен өсіп-өркендеудің алтын тұғыры. «Отаны бірдің – жүрегі бір, жүрегі бірдің – тілегі бір!», ел деп соққан жүрек те, Елорда деп айтылған тілек те тамырлас. Уақыттан оза шапқан бүгінгі Нұр-Сұлтан қаласы – Тәуелсіздігіміздің бойтұмары, біртұтас еліміздің ертеңге деген үкілі үміті мен сенімінің көрінісі, арман-тілегінің орындалғанын айғақтайтын асыл мекені.

Думан ҚАБЫЛ.



Ұлттық құрылтай

ҰЛТЫМЫЗДЫ ҰЙЫСТЫРҒАН ҰЛЫТАУ

Ұлытауда ел егемендігі мен тәуелсіздігінің тұғырын жаңаша биіктету мақсатымен Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысы өтті. Ауқымды жиыннан жұрттың күткені де аз емес еді. «Жаңа Қазақстанды қалай құрамыз?» деген жалпыелділік сұраққа Мемлекет басшысы түпкілікті саяси мақсат пен міндеттердің стратегиялық бағыт-бағдарын тереңнен қозғап, жаңа жақты жауап берді.

Еліміздің барлық өңірінің өкілдері, жаңаша ойлай білетін қоғамда белсенді, беделді, абыройлы азаматтары қатысқан құрылтайда Жаңа, Әділетті Қазақстан – Екінші Республика құрудың тың идеясы мен идеологиясын келелі ой талқысынан өткізіп, ортақ шешім табудың жолдарына сеп болатын саяси серт пен қоғамдық-рухани келісімдер арқау болды.

Түптеп келгенде, дүйім жұрт Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөйлеген сөздерінен ұлтты ұйыстырып, азаматтарды әділеттілік пен шындыққа жүгіндіріп, адалдық пен ашықтықты орнықтыру үшін жұртымыздың жаңаша өмір сүруге бейімделуіне орай халқымыздың сана-сезімі, құндылықтары түбегейлі жаңару керектігін тағы да тереңнен ұғындырып, сонда ұлттың жаңа сапасы қалыптасатынын еске салғанын кеңінен талқылауда.

Бүкіл қоғамды өзгертетін күрделі әрі ұзақ үрдіс Жаңа Қазақстан құруға үміт отын жағып, сенімді нығайтатын нақты істерді жұмыла және көзделген мерзімде жүзеге

асырумен тікелей байланысты екені анық. Елімізде осы жаңа кезеңде «Жауапты мемлекет – жауапты қоғам – жауапты азамат» қағидасының қатандықпен саналы түрде сақталуынан бастау алатынын да естен шығармауымыз керек.

Киелі Ұлытау мінберінен естілген әрбір елдік сөз бен орынды ұсыныстардың арасында өзімізге айрықша әсер еткен бір жаңалықты атап айтар едік. Ол жүректі тебірентіп, бүйректі бүлк еткізді. Өткен тарих уақытын қалпына келтіруімен аса

бағалы еді.

Бізге ғана емес шығар, қалың көпшіліктің назарын аударып, шынайы қолдау тапқан мәселе тұтас бір ұлттық және мемлекеттік ақиқаттың құндылығын қайта оралтып, оны еш өзгермес биігінен қастерлеу мәнісімен жалт қаратты.

Ел Президенті Қ.Тоқаев өз сөзінде: «Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күні еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтілуі керек», – деді.

Ұлттық тарихымыздың шежірелі жылнамасында Егемендік күні – еліміздің ең басты мерекесі болып аталып өтуі енді Жаңа Қазақстан – Екінші Республика құрудағы қадамдарымызға құт болсын деп тілейміз.

Бұл мерекені бүкіл халықтың шын пейілді, ақ ниетті, қуанышты және тағлымды көңіл-күймен және еңбек құндылықтарымен атап өтудің тұжырымдамасы мен идеологиясы да жаңаша болатыны хақ. Жалпы, ұлттық және мемлекеттік мерекелердің саналы қоғам құруға, экономикасы қалыпты, рухани жағынан дамыған қоғамды қалыптастыруға ықпалы зор, сол себепті де әрбіріне терең мазмұндық тұрғыдан мән бергеніміз абзал.

Г.Түсіпбаева,

Ә.Ермеков атындағы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Аудан әкімдігінде

Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті

Таяуда аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы болып өтті. Жиынды кеңес төрағасы Қ.Рысбеков ашып, кеңестің күн тәртібіндегі мәселелерімен таныстырды. Отырысқа аудандық Қоғамдық кеңестің мүшелері, аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме, бөлім басшылары қатысты.

Отырыстың күн тәртібінде қазіргі уақыттағы өзекті деген мәселелер қаралып, талқыланды. Соның ішінде аудан көлемінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын реформалау мен дамыту, елді мекендерді сәулеттендіру мен көркейту, жол, инфрақұрылымдар жүйесін жетілдіру бағытында атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттері және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен

сапасы сөз болды. Сонымен қатар, «Ауданда өрт қауіпсіздігінің алдын алу және болдырмау бағытындағы атқарылған іс-шаралар мен міндеттер туралы» және Ақтоғай, Сарышаған ауыл, кент әкімдерінің өздеріне жүктелген функциялар мен міндеттерін орындаудағы атқарған жұмыстары туралы шараларға біршама кеңінен тоқталды. Сондай-ақ, аталған мәселе бойынша кеңес мүшелері маңызы бар сауалдар қойып, пікір алмасып, тиісті қаулылар қабылданды.

Кеңес жұмысын кеңес төрағасы Қ.Рысбеков қорытындылап, айтылған ұсыныс-пікірлер тиісті басшылық орындарға ұсынылатынын және орындалуы бақылауда болатынын білдірді.

Өз тілшімізден.

Спорт – денсаулық кепілі

Жүзден жүйріктер

Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін астананы оңтүстіктен орталыққа қарай көшіру мәселесі көтерілді. Соған сәйкес еліміздің орталығынан қоныс тепкен аймақтар зерттеліп, зерттеу қорытындысы ел астанасына Ақмола қаласы лайықты деп танылды. Сонымен, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың пәрменімен 1997 жыл 10 желтоқсанның бастап Ақмола қаласы ресми түрде астана атауын иеленді. 1998 жылы салтанатты тұсаукесер тойы өтті. Кейін парламент депутаттарының түзетуімен астананың туған күні 6 шілдеге ауыстырылды. Міне, содан бері 6 шілде – Астана күні жыл сайын жоғары дәрежеде аталып өтіледі.



Ел жүрегі – Астана күніне орай аудан орталығында салауатты өмір салтын дәріптейтін спорттық шаралар легі болып өтті. Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің мұрындық болуымен өткен веложарыс пен марафонға Ақтоғай ауылының жастары мен ардагер спортшылар белсене қатысты. Орталық алаңда бастау алған шараға өңір басшысы С.Әбеуова қатысып, шара шымылдығын құттықтау сөзімен ашып берді:

– Күрметті, ауыл тұрғындары және спортшылар, баршаныңды бүгінгі Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын. Бүгінгі таңда елдің төрі – елордамыз барша ұлт пен ұлыстың басын қосқан бірлік мекеніне айналды. Астана – қарыштап дамыған мемлекеттің нышаны, әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеудің айқын дәлелі. Сарыарқа төсінде қоныс тепкен алып шаһарда әлем елдерінің көшбасшылары бас қосып, пікір алмасады, тарихи маңызы зор шешімдерді қабылдайды. Жарқын қаламыз одан әрі өркендей берсін, біз ол үшін брлық күш-жігерімізді жұмсауымыз қажет. Қуанышқа толы мереке күні баршаныңға зор денсаулық, шаңырақтарыңызға құт-береке, бастамаларыңызға сәттілік тілеймін, – деді С.Мірәсілқызы.

Одан әрмен жас өнерпаз, күміс көмей, жезтандай өнші М.Рымхан «Елімнің жүрегі астана» әнін тарту етті. Келесі кезекте аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің жас мамны Б.Бекіш спортшы қауымға жарыс ережесін түсіндіріп, сәттілік тіледі.

Бірінші кезекте жас ерекшеліктеріне қарай жасөспірімдер, жастар мен ересектер арасында веложарыс өтті. Бір-бір велосипедке тақым артқан балдырғандар жарыс басталғанша дегбірісіденіп, тағат таппады. Көздерінде қуаныштың та, қобалжудың да табы бар. Төреші белгі берісімен-ақ бірімен-бірі үзенгі қағыстырып, жосыла жүйіткі жөнелді. Орталық «Алаш» алаңынан қозғалған спортшылар «Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі», «Аудандық орталық аурухана» және «К.Байсейітова атындағы орта мектеп» бағытымен 5 шақырымды еңсеріп шықты. Екі иінінен демалып, бар дәрменмен велосипед тізгіндеген жас өрендер желмен жарыса мәре сызығынан өтіп жатты.

10-12 жас аралығында бақ сынасқан спортшылардың арасында алдына қара салмай, өзгелерден оза шапқан Е.Мұрат I орынды иеленсе, Б.Мұрат II орынға табан тіреді. Сондай-ақ, III орын Р.Мұратбектің қоржынына түсті және Ұ.Қозтай IV орынды қанағат тұтты. Сонымен қатар, аталмыш жас ерекшелігі бойынша аламанға түскен Ә.Мақанге I орын бұйырды. Ал Н.Тәңірбергел 13-14 жас аралығында I орынға ие болды.

Бұдан бөлек өздерінің шыдамдылығы мен жылдамдығын сарапқа салған желаяқтар велошабандоздар жүріп өткен жол бойымен жарысып, кіл мықтыдан кім мықтыны анықтады. 15-18 жас аралығында А.Оспанқұл I орын, Н.Кәрігүл II орынға ие болды. 19-29 жастағы спортшылар арасында оқ бойы озық келген, спорттың қай түріне салсаң да көсіле шабатын Ж.Жұмабай жеңімпаз атанды. Ал, Ә.Жұмабай II орынның иегері атанса, Қ.Кенжебай жарыстың күміс жүлдегері атанды және IV орын А.Қозтайдың өншісіне бұйырды. Сондай-ақ, 30 жастан асқан марафоншылардың арасында Ж.Аманбай I орынға қол жеткізсе, ардагер спортшылар Қ.Түймішінов күміс жүлдегер, А.Сүйіндік қола жүлдегер атанды.

Ел жүрегі – Елорда күніне орай ұйымдастырылған, салауатты өмір салтын дәріптейтін спорттық шарада жеңіске жеткен жүлдегерлер мен барша қатысушыларға аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі арнайы дайындаған сый-сияпаттар тарту етті.

Е.Айтжан.

1 шілде – Ұлттық домбыра күні

Ұлттық мұра ұлықталды

Аққыз, Мағауия сынды күй тарландарының туған жері саналатын Арқаның алтын тәжі Ақтоғай ауданында Ұлттық домбыра күні кең көлемде аталып өтті.



Домбыра – қазақтың қиесі, қасиеті, қазынасы. Шілденің бірінші жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып жарияланған болатын. Жыл сайын атап өтілетін бұл күннің ұлттық руханиятымызға қосар үлесі қомақты. Дала сарының, көшпелі халықтың шежіресін шерткен көңе аспап, ұлттық мұрамызды ұлықтау мақсатында Ақтоғай ауданы орталығындағы Домбыра монументі алдында «Нағыз қазақ – домбыра!» атты мерекелік шара өтті.

Шараға арнайы қатысқан аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжолов барша жұртшылықты Домбыра күнімен құттықтады.

– Жүрегі қазақ деп соққан әрбір азаматтың өмірінде қара домбыра маңызға ие екені белгілі. Себебі, Елбасы өз сөзінде:

«Домбыра – қазақ елінің төлқұжаты мен брәнді» – деп атап өтті. Ендеше, өрелі өнер иелері, өнер сүйер ел барда шанағынан күміс күй мен жыр төгілетін қасиетті аспаптың ғұмыры ұзақ болары ақиқат! Бүгінгі шараның мақсаты да соң, Ақтоғай өңіріндегі жыраулық дәстүрлі насихаттау, күмбірлеген күй төгілген қазақ халқының музыкалық аспабы – домбыраның күдіретін келешек ұрпақ санасында жағырту болып табылады, – дейді А.Базылұлы.

Мереке аясында аудандық «Өнер» мектебінің түлектері және «Тоқырауын толқыны» халықтық ән-би ансамблінің өнерпаздарының орындауында өң, терме, күй тартылып, өз өнерлерін ортаға салып, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Рухани жаңғыру

Отанға деген патриоттық сезім туған жерді құрметтеуден басталады. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» мақаласындағы бір бөлім туған жерді түлету қажеттігіне бағытталған. Жоба бойынша оны кім ұйымдастырып, атқару керектігі де нақты көрсетілген. Бұл күнде ел ішінде өз ауылының көркеюіне атсалысып жүрген азаматтар аз емес. Мысалы, Ақтоғай ауданы Абай ауылының түлектері осындай игі іске ұйытқы болып жүр.

Туған жерге тағзым



Жуырда Абай ауылдық округінің азаматтары, яғни, мектеп бітіргендеріне 30 жыл толған абайлықтар «Туған жер» бағдарламасы аясында ауылдың кіреберісіне заманауи архитектуралық үлгідегі арка орнатты. Аталған арка елді мекеннің атауын білдіріп қана қоймай, сол ауылға ерекше рең беріп, көркейттіп тұр.

Шараны ауыл ақсақалы Әділбай Дүйсенбаев ақ батасымен ашып, жүрекжарды лебізін жеткізді. Абай ауылдық округінің әкімі Қайыржан Тұрғанбеков жиылған жұртшылықты мерекемен құттықтап, 30 жылдық түлектеріне Алғыс хатын тапсырды.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

Осылайша, түлектер тартуы ауылдастарының көңілін бір маркайтып, кейінгілерге үлгі боларлықтай іс жасап отыр. Өзінің туып-өскен ауылына, білім алған мектебіне сый жасау – әрбір перзенттің, әрбір шәкірттің борышы. Ауыл азаматтарының қайда жүрсе де, жүрегінің түбінде туған жерін әлдилеп жүруі туған жеріне деген сүйіспеншілігі зор, патриот екенін танытады. Туған жеріне келіп, тағзым етуі – әрбір перзенттің парызы. Ал осы жақсы істің ауданымызда дәстүрге айналғаны жүрекке қуаныш ұялатады.

Қазақстан-2050: кәсіпкерлік саласы

«Терлеп еңбек етпегеннің тілегеніне жеткенін көргенім жоқ» деген екен даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы. Асылында, ер – егіз, ал еңбексіз – жалғыз. Шын мәнінде, адал еңбекке бет бұрып, соны қазіргі нарықтық заманға сай кәсіпкерлікпен ұштастырып отырған жандар арамызда аз емес. Әлбетте, шағын және орта кәсіпкерліктің кең қанат жайып, өркендеуіне мемлекет тарапынан да тиісті бағдарламалар арқылы нақты көмек-қолдаулар көрсетіліп отырғаны көңіл қуантады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған кезекті бір Жолдауында кәсіпкерлік саласының дамуы туралы айтылған. Онда Президент: «Шағын, әсіресе, микробизнес еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, ең алдымен, ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс береді, жұмыссыздықты азайтады. Сонымен қатар, салық базасын құрап, жергілікті бюджетті нығайтады» деген болатын. Иә, расында да, бүгінгідей нарықтық заманда ауданымызда жеке кәсіп ашып, шаруаның шырайын келтіріп жүрген жастар жетерлік. Солардың бірі – Шашубай кентінің тұрғыны Ұлжан Бұланбекова. Ол өткен жылы өз қаражатымен кент орталығынан «Сезім» дүкенін ашып, азық-түлікпен қатар күнделікті тұрмысқа

Кәсіп болмай, нәсіп болмас



қажетті тауарларды тұрғындарға тиімді бағамен ұсынып келеді. Көпбалалы отбасында өскен Ұлжан бүгінде жолдасы Ернар екеуі Алланың берген 3 ұл, 1 қызын өмірге әкеліп, көпбалалы отбасы болып отырған жайы бар.

– Адам тәуекелшіл болмаса, бір орыннан жылжымайды. Мен бизнеспен айналысқалы осыны түсіндім. Біздің бойымызда бір істі бастауға бел бұмайтын

қасиетіміз бар. Болашағы қалай болар екен деп ойланyp, тәуекелге бармаймыз. Қазақта «Нартөкел – ер ісі» деген сөз бар ғой. Адам тәуекелшіл болу керек, сол кезде бір нәтижеге жетеді деп ойлаймын. Адамның өзі еңбек етіп, өзінің жеке кәсібін нәсіпін тапқаны ең жақсы іс. Ешкімге тәуелсіз, өз ісінді жүргізе білу де өнер. «Адамды көркейтетін – еңбек» дегенді алға тартамын. Сондықтан аянбай

еңбек етіп келемін, – дейді жас кәсіпкер. Бір айлық табысты емес, кәсіптен ешкімге тәуелсіз табыс тапқанды құп санайтын Ұлжан болашақта балаларын да кәсіпкерлікке баулитынын тілге тиек етті. Сондай-ақ, кәсіпкер үкіметтік бағдарламалар шеңберінде өз ісін ұлғайтып, шағын маркет ашуды жоспарлап отыр.

– Адам ешкімге тәуелсіз жұмыс жасағанда ғана нәтижеге жетеді, – дейді Ұлжан Бұланбекова.

Иә, бүгінгідей нарық заманында кәсіптің көзін тауып, оның тасын өрге домалату қып-қызыл еңбекпен келетін нәтиже. Ол үшін де күн-түнмен санаспай жұмыс жасау маңызды. Еңбектің көзін тапқан адам байлықтың өзін табатыны сөзсіз. Ұлжан мен Ернардың алға қойған мақсаты – отбасында өсіріп отырған ұл-қыздарына жақсы тәрбие беріп, қатарынан кем қылмай өсіру. Сонымен бірге кәсібін дөңгелету. Табаңақы, мандай тердің өтеуі тек адал еңбек арқылы ғана өтелмек. «Кәсіп болмай, нәсіп болмас» деген осы!

Беттің материалдарын
әзірлеген Думан ҚАБЫЛ.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурса ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Ақтоғай ауданының әкімдігі жер учаскелерін 2022 жылдың 29 тамыз күні сағат 15.00-де конкурс өткізеді. Мекен-жайы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі, 4.

№	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округ маңайы, жер учаскесінің лот №)	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандауы	Жалпы ауданы, га жалға беру мерзімі, жылы	Алқаптардың құрамы, оның ішінде				Орташа балл бонитеті	Сумен қамтамасыз етілуі	Өзге де
				Егістік	Шабындық	Жайылымдық	Басқа алқаптар			
1	Айыртас ауылдық округі лот №36	Мал шаруашылығы	2300,9209 15 жыл			2290,00	10	6	Қамтамасыз етілмеген	
2	Абай ауылдық округі лот №37	Мал шаруашылығы	3350,0100 15 жыл			3344,00	6	6	Қамтамасыз етілмеген	
3	Абай ауылдық округі лот №38	Мал шаруашылығы	375,00 15 жыл			373,50	1,5	6	Қамтамасыз етілмеген	
4	Абай ауылдық округі лот №39	Мал шаруашылығы	380,6000 15 жыл			379,00	1,00	6	Қамтамасыз етілмеген	
5	Жер қоры лот №40	Мал шаруашылығы	1780,0400 15 жыл			1776,00	4	7	Қамтамасыз етілмеген	
6	Жер қоры лот №41	Мал шаруашылығы	3300,0100 15 жыл			3295,00	5	7	Қамтамасыз етілмеген	
7	Жер қоры лот №42	Мал шаруашылығы	3604,2280 15 жыл			3600,00	4,2280	7	Қамтамасыз етілмеген	
8	Жер қоры лот №43	Мал шаруашылығы	3063,7150 15 жыл			3061,00	2,715	6	Қамтамасыз етілмеген	
9	Жер қоры лот №44	Мал шаруашылығы	1720,6322 15 жыл			1718,00	2,6322	7	Қамтамасыз етілмеген	
10	Жер қоры лот №45	Мал шаруашылығы	3100,00 15 жыл			3100,00	3,00	6	Қамтамасыз етілмеген	
11	Жер қоры лот №46	Мал шаруашылығы	2600,00 15 жыл			2597,00	3,00	7	Қамтамасыз етілмеген	
12	Жер қоры лот №47	Мал шаруашылығы	900,00 15 жыл			897,20	2,80	7	Қамтамасыз етілмеген	
13	Жер қоры лот №48	Мал шаруашылығы	3000 15 жыл			3000		7	Қамтамасыз етілмеген	
14	Жер қоры лот №49	Мал шаруашылығы	2034,60 15 жыл			2032,00	2,60	7	Қамтамасыз етілмеген	
15	Жер қоры лот №50	Мал шаруашылығы	65,6665 15 жыл			65,00	0,6600	8	Қамтамасыз етілмеген	
16	Жер қоры лот №51	Мал шаруашылығы	3500,00 15 жыл			3400,00	100,00	6	Қамтамасыз етілмеген	
17	Қусақ ауылдық округі лот №52	Мал шаруашылығы	452,00 15 жыл			451,00	1,00	8	Қамтамасыз етілмеген	
18	Қусақ ауылдық округі лот №53	Мал шаруашылығы	1500 15 жыл			1500		7	Қамтамасыз етілмеген	
19	Қусақ ауылдық округі лот №54	Мал шаруашылығы	1300 15 жыл			1300		8	Қамтамасыз етілмеген	
20	Қарамөңде би ауылдық округі лот №55	Мал шаруашылығы	4500 15 жыл			4500		9	Қамтамасыз етілмеген	
21	Кежек ауылдық округі лот №56	Мал шаруашылығы	580 15 жыл			580		9	Қамтамасыз етілмеген	
22	Кежек ауылдық округі лот №57	Мал шаруашылығы	202 15 жыл			202		9	Қамтамасыз етілмеген	
23	Абай ауылдық округі лот №1	Мал шаруашылығы	700,0009 15 жыл			693,00	7	6	Қамтамасыз етілмеген	
24	Абай ауылдық округі лот №3	Мал шаруашылығы	954,4350 15 жыл			950,00	4,4350	6	Қамтамасыз етілмеген	
25	Абай ауылдық округі лот №4	Мал шаруашылығы	1700,1809 15 жыл			1694,00	5,98	6	Қамтамасыз етілмеген	
26	Абай ауылдық округі лот №5	Мал шаруашылығы	2499,9929 15 жыл			2494,00	5,992	6	Қамтамасыз етілмеген	
27	Айыртас ауылдық округі лот №8	Мал шаруашылығы	4163,6818 15 жыл			4134,00	29,4	6	Қамтамасыз етілмеген	
28	Қарабұлақ ауылдық округі лот №9	Мал шаруашылығы	1400,0100 15 жыл			1398,00	2,00	6	Қамтамасыз етілмеген	
29	Қарабұлақ ауылдық округі лот №13	Мал шаруашылығы	2157,8812 15 жыл	410,00		1744,00	3,8803	7	Қамтамасыз етілмеген	
30	Жер қоры лот №14	Мал шаруашылығы	4555,0713 15 жыл			4548,00	7,0695	6	Қамтамасыз етілмеген	
31	Қызылқара ауылдық округі лот №19	Мал шаруашылығы	712,5658 15 жыл			710,00	2,5658	8	Қамтамасыз етілмеген	
32	Жер қоры лот №28	Мал шаруашылығы	819,7585 15 жыл			739,00	80,7585	6	Қамтамасыз етілмеген	
33	Жер қоры лот №32	Мал шаруашылығы	1576,7717 15 жыл			1576,7717		6	Қамтамасыз етілмеген	
34	Жер қоры лот №33	Мал шаруашылығы	492,2153 15 жыл			491,00	1,2153	6	Қамтамасыз етілмеген	
35	Жер қоры лот №34	Мал шаруашылығы	1800,0009 15 жыл			1797,50	2,50	6	Қамтамасыз етілмеген	
36	Нарманбет ауылдық округі лот №86	Мал шаруашылығы	784,2651 15 жыл			783,00	1,2651	7	Қамтамасыз етілмеген	
37	Жер қоры лот №148	Мал шаруашылығы	1700,00 15 жыл			1699,00	1,00	6	Қамтамасыз етілмеген	
38	Қарабұлақ ауылдық округі лот №153	Мал шаруашылығы	1000,00 15 жыл			429,00	0,50	7	Қамтамасыз етілмеген	
39	Қарабұлақ ауылдық округі лот №157	Мал шаруашылығы	1500,0009 15 жыл			1495,00	4,00	7	Қамтамасыз етілмеген	
40	Абай ауылдық округі лот №158	Мал шаруашылығы	2700,6718 15 жыл			2690,00	10	7	Қамтамасыз етілмеген	
41	Жер қоры лот №160	Мал шаруашылығы	3000,00 15 жыл			2962,00	3	6	Қамтамасыз етілмеген	
42	Жер қоры лот №167	Мал шаруашылығы	3000,0018 15 жыл			2735,00	262,00	6	Қамтамасыз етілмеген	

ЕСКЕРТНЕ:

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурса қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) Конкурса қатысуға арналған өтінім; 2) конкурстық ұсыныс.

Конкурстық ұсыныста:

Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылық дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын өртаптапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген

агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Конкурса қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, 2022 жылғы 12 тамыздан бастап 2022 жылдың 26 тамыз аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурса шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-ның мына байланыс телефондары арқылы 8710-37-2-12-92; 2-13-83 алуға болады.

ГУ «Аппарат акима Ақтоғайского района» извещает список о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства

ГУ «Аппарат акима Ақтоғайского района» проводит конкурс по предоставлению земельных участков в аренду для ведения сельскохозяйственного производства, который состоится 23 августа 2022 года 15.00 ч., по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, село Ақтоғай, улица Ә.Бөкейхана, 4.

№ п/п	Направление от ближайшего населенного пункта земельных участков, № лот)	Сельскохозяйственная специализация региона	Общая площадь	Срок аренды лет	Сельхоз угодия в.т.ч				средний балл бонитета	Водообеспеченность	Другие
					Пашня	Сенокосы	Пастбища	Другие угодия			
1	с/о Айыртас лот №36	Для животноводства	2300,9209	15 год			2290,00	10	6	Нәобеспечен	
2	с/о Абай лот №37	Для животноводства	3350,0100	15 год			3344,00	6	6	Нәобеспечен	
3	с/о Абай лот №38	Для животноводства	375,00	15 год			373,50	1,5	6	Нәобеспечен	
4	с/о Абай лот №39	Для животноводства	380,6000	15 год			379,00	1,00	6	Нәобеспечен	
5	Земли запаса лот №40	Для животноводства	1780,0400	15 год			1776,00	4	7	Нәобеспечен	
6	Земли запаса лот №41	Для животноводства	3300,0100	15 год			3295,00	5	7	Нәобеспечен	
7	Земли запаса лот №42	Для животноводства	3604,2280	15 год			3600,00	4,2280	7	Нәобеспечен	

(Жалғасы 5-бетте.)

8	Земли запаса лот №43	Для животноводства	3063,7150	15 год		3061,00	2,715	6	Нәобеспечен
9	Земли запаса лот №44	Для животноводства	1720,6322	15 год		1718,00	2,6322	7	Нәобеспечен
10	Земли запаса лот №45	Для животноводства	3100,00	15 год		3100,00	3,00	6	Нәобеспечен
11	Земли запаса лот №46	Для животноводства	2600,00	15 год		2597,00	3,00	7	Нәобеспечен
12	Земли запаса лот №47	Для животноводства	900,00	15 год		897,20	2,80	7	Нәобеспечен
13	Земли запаса лот №48	Для животноводства	3000	15 год		3000		7	Нәобеспечен
14	Земли запаса лот №49	Для животноводства	2034,60	15 год		2032,00	2,60	7	Нәобеспечен
15	Земли запаса лот №50	Для животноводства	65,6665	15 год		65,00	0,6600	8	Нәобеспечен
16	Земли запаса лот №51	Для животноводства	3500,00	15 год		3400,00	100,00	6	Нәобеспечен
17	с/о Кусак лот №52	Для животноводства	452,00	15 год		451,00	1,00	8	Нәобеспечен
18	с/о Кусак лот №53	Для животноводства	1500	15 год		1500		7	Нәобеспечен
19	с/о Кусак лот №54	Для животноводства	1300	15 год		1300		8	Нәобеспечен
20	с/о Карабулакский лот №55	Для животноводства	4500	15 год		4500		9	Нәобеспечен
21	с/о Кежек лот №56	Для животноводства	580	15 год		580		9	Нәобеспечен
22	с/о Кежек лот №57	Для животноводства	202	15 год		202	7	9	Нәобеспечен
23	с/о Абай лот №1	Для животноводства	700,0009	15 год		693,00	4,4350	6	Нәобеспечен
24	с/о Абай лот №3	Для животноводства	954,4350	15 год		950,00	5,98	6	Нәобеспечен
25	с/о Абай лот №4	Для животноводства	1700,1809	15 год		1694,00	5,992	6	Нәобеспечен
26	с/о Абай лот №5	Для животноводства	2499,9929	15 год		2494,00	29,4	6	Нәобеспечен
27	с/о Айыртас лот №8	Для животноводства	4163,6818	15 год		4134,00	2,00	6	Нәобеспечен
28	с/о Карабулак лот №9	Для животноводства	1400,0100	15 год		1398,00	3,8803		Нәобеспечен
29	с/о Карабулак ауылдық округі лот №13	Для животноводства	2157,8812	15 год	410,00	1744,00	7,0695	7	Нәобеспечен
30	Земли запаса лот №14	Для животноводства	4555,0713	15 год		4548,00	2,5658	6	Нәобеспечен
31	с/о Кызыларай лот №19	Для животноводства	712,5658	15 год		710,00	80,7585	8	Нәобеспечен
32	Земли запаса лот №28	Для животноводства	819,7585	15 год		739,00	1576,7717	6	Нәобеспечен
33	Земли запаса лот №32	Для животноводства	1576,7717	15 год		1576,7717	1,2153	6	Нәобеспечен
34	Земли запаса лот №33	Для животноводства	492,2153	15 год		491,00	2,50	6	Нәобеспечен
35	Земли запаса лот №34	Для животноводства	1800,0009	15 год		1797,50	1,2651	6	Нәобеспечен
36	с/о Нарманбет лот №86	Для животноводства	784,2651	15 год		783,00	1,00	7	Нәобеспечен
37	Земли запаса лот №148	Для животноводства	1700,00	15 год		1699,00	0,50	6	Нәобеспечен
38	с/о Карабулак лот №153	Для животноводства	1000,00	15 год		429,00	4,00	7	Нәобеспечен
39	с/о Карабулак лот №157	Для животноводства	1500,0009	15 год		1495,00	10	7	Нәобеспечен
40	с/о Абай лот №158	Для животноводства	2700,6718	15 год		2690,00	3	7	Нәобеспечен
41	Земли запаса лот №160	Для животноводства	3000,00	15 год		2962,00	262,00	6	Нәобеспечен
42	Земли запаса лот №167	Для животноводства	3000,0018	15 год		2735,00		6	Нәобеспечен

ПРИМЕЧАНИЕ

Заявка на участие в конкурсе физических и юридических лиц по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) Заявка на участие в конкурс; 2) Конкурсные предложение.

Конкурсное предложение должно содержать:

Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовие сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) Обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) Обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией

региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение предоставляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника- для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц.

Прием регистрация и заявок на участие в конкурсе проводится по истечении тридцати календарных дней со дня первой публикации извещения о проведении конкурса от 12 августа 2022 года до 26 август 2022 года

Извещению землеустроительных схем сельхозугодий выставляемых на конкурс можно прочитать на интернет-ресурсе местных исполнительных органов и специальных информационный стендах сельских округов и ГУ отдела земельных отношении, архитектуры и градостроительства Актогайского района Карагандинской области.

Польную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства Актогайского района» Контактные телефоны: 8 (71037) 2-12-92; 2-13-83.

Табиғат – тал бесік

«Адамның табиғатсыз күні жоқ»

Орман өрттері құрғақ ауа райы мен жел кездерінде айтарлықтай үлкен аумаққа таралып кетеді. Ауа райының ыстық кездерінде, егер жауын-шашын болмаса, ормандар құрғап, кез келген абайсыз жанған оттың әсерінен өрт тез таралып кетуі мүмкін. Ең өртке қауіпті орман өсімдіктеріне қарағайлы, жапырақты ағаштар, қыналар, ит бүлдіргендер, аршалар, тағы басқалары жатады. Құрғақ құмды топырақты жерлердегі ағаштарға өрт ең жиі әрі тез таралады, бірақ оларды өшіру оңайырақ келеді. Қылқан жапырақты ормандардағы түскен жапырақтар, бұталар және құрғақ шөптер қауіпті өрт тудырады. Олар үлкен зардап шектіреді.

Біздің ауданда көрсе көз тартарлық, табиғат берген байлығымыз баршылық. Арқаның алтын төжі Ақсораң тауы, Әулие тау, қойнауы

қазынаға бай, кешегі күннен сыр шертетін Бегазы-Дәндібай қорымы аспан астындағы ашық мұражай десе де болады. Ауылымызға келіп демалып, тарихымен танысуға еліміздің түпкір-түпкірінен арнайы ат арытып келіп, бірнеше күнін сарп етіп ауданымыздың табиғатымен танысып жататын адамдар көп. Әрине, бұл қуантарлық жағдай.

Десек те, бес саусақтың бәрі бірдей емесі сияқты, адамдардың да бәрі бірдей емес. Кейбір демалушылар орманның таза ауасымен тынығып, сұлулығын тамашалап жүріп от жағады, тұрмыстық қалдықтарды тастап кетеді, ағаш бұталарын сындырып, зиянын тигізеді. Ал, босаған шишалар, әйнектер, темекі қалдығы, дұрыс сөнбеген от ошақтары – орман өртінің басты себептері. Статистикаға сүйенер болсақ, орман

өртінің 93 пайызы адам кесірінен болады екен. Жалпы орман өртінің 3 түрі болады: жер асты, төменгі және жоғарғы өрттер. Өрттің 90 пайызы төменгі сипатта. Бұл жағдайда топырақтың үстіңгі қабаты ғана өртеніп, ағаштардың төменгі бөлігін және шөптерді жалын шарпиды.

Өр жылдың 15 сәуірінен 15 қарашасына дейінгі аралық өрт қауіпі өте жоғары кезең саналады. Сондықтан, орман шаруашылығының мекемесі орман өртінің алдын алу шараларын естеріңізге салады:

–орманға демалуға барар кезде арнайы рұқсат қағаз алып, арнайы демалатын орындарға бару керек;

–қайтар кезде отырған орынды жинап, от ошағына су құйып немесе топырақпен көміп сөндіру қажет. Әйнек, қағаз қалдықтарын жинап кету керек;

–агрегаттар мен көліктер өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен қамтылуы керек. Олар: күрек, сыпырғыш, өрт сөндіргіш, т.б.

Осы орайда, өрт қауіпсіздігі ережесін бұзғандарға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 284 бабына сәйкес, айыппұл салынатынын барлық демалушылардың білгені жөн.

Орман өрті – үлкен апат. Ол орманға ғана емес, қоршаған ортаға да үлкен зиян келтіреді. Сондықтан ауыл адамдарын, келген қонақтар мен демалушыларды Табиғат-ана сыйлаған асыл мұра – орманымызды сақтауға шақырамыз.

А.Жақсыбеков,
«Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Актоғай шаруашылығы» КММ орман шебері.



Әсет Найманбайұлының туғанына – 155 жыл

«Шындыққа ғашық адамның ақын немесе ұлы болуының қажеті жоқ. Өз тарапынан ешқандай күш-жігер жұмсамай-ақ, ол ақын да, ұлы да», – депті француздың бір данышпаны. Ақиқатты іздейтін ақын-жазушы, әнші-сазгер және тағы басқалар туралы толғана айтып, тамсана жазып жатамыз. Өнердің түрі көп, сол өнердің бірнешеуі бір адамның бойынан табылуы – табиғаттың берген сыйы. Дәл осындай әмбебап адамдардың өмірі туған халқының рухын көтеріп, арман-қиялын асқақтата түседі. Мұның күдіреттілігі неде? Таланттың тайсалмай ақиқатты айтып, шындық-ты шырылдата алуында екені анық. Әйгілі әнші, сазгер, азулы ақын, аудармашы Әсет НАЙМАНБАЙҰЛЫ өмірі мен өнегесінен ақиқатты танып, шындықты бозторғайдай шырылдап айтқанына куә боламыз.



Күс қанатындағы ҒҰМЫР

«Әсеттей сал ән салсаң, аңыратып, Орман тоғай, өзенді жамыратып. Арқыратып ағызып ән нөсерің, Толқынымен жүректі жамыратып, – дей келе, халық арасына кең тараған әннің қайырмасын:

«Нжу-маржан секілді-ай,
Ал көрінген көркіңді-ай,
Гүл майысып, гүл жайнап,
Бір көрінсең, еркем-ай.
Сейфіл Мәлік-Жамалдай
Бейнегіне көнсем-ай!
Қозы Көрпеш-Баяндай
Бір молада өлсем-ай!
Сағындырған еркем-ай!» – деп түйіндейді.

Дүйімелгекентарап, талайлартамылжыта салған Әсеттің бұл туындысын махаббат әні ретінде бағалаған әдебиетшілердің пікірі көпке мәлім. Ән бір-біріне ынтық, ғашық жандардың махаббатының мәңгілік болуын аңсауы төл дәстүрімізге айналғанын ежелгі жыр, халық өндері мен ғашықтық тақырыбындағы туындылары таныта түседі. Жалпы, Әсеттің халық арасына тарап, өз дәуірінде және кейін айтылған отызға жуық әні болса, бір анығы сазгердің «Мақпал», «Үлкен Ардақ», «Кіші Ардақ», «Қаракөз», «Майда қоңыр», «Қоңыр қаз», «Қисмет», «Бірғакты», «Әпитөк» өндерінің бірнеше нұсқасы бар. Тақырыптық тұрғыда махаббат турасындағы «Қаракөз» әні 4 түрде, «Ардақ» 2 түрде, «Мақпал» 2 түрдегі нұсқада айтылады. «Әпитөк» әні де 2 нұсқада ұшырасатындығын айтушылар болыпты. Осыған байланысты бүгінгі жастар тарапынан «Неге солай, тақырыбы мен идеясы бір емес пе?» дейтін сауалдар қойылады. Ауызша сөз өнерінде мұндай заңдылықты халық ақындарының кез келгенін тауып, дәстүр тұрғысынан түсіндіреміз. Әсіресе, халық композиторлары Біржан, Ақан, Мұхит, Кенен және тағы басқа шығармашылығынан көзге түседі. Мұның дәстүрге қатысты екені рас, екіншіден суырыпсалмалық өнер иесінің тақырыпты толықтырып, мақамын мөнерлеп, әуезін әсерлуден туғандығын ерекшелей айтуымыз керек. Әсеттің өзі де «Бірғакты» дейтін әнінде:

«Жанып тұрған жас өмір – алқызыл гүл

Сипаттауға қызығын жетпейді тіл Жауқазын желбіреген – жастық шағын, Өмірдің мағынасын түсіне біл!» – деп ғашықтықтың таусылмас арман екендігін аңғартады.

Әсеттің әншілік өнері мен сазгерлігі, ақындығы мен аудармашылығы туралы С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, А.Жұбанов, С.Бегалин, Д.Рақышев және тағы басқалар арнайы мақалалар жазып, ғылыми-танымдық ой-пікірлер айтқан. Оны сазгер ретінде танытқан өндерін негізінен 2 салаға бөліп, мазмұн-мағынасына қарай жүйелі жіктеген дұрыс. Махаббат, жастық дәуренге қатысты «Нжу-маржан», «Мақпал», «Ардақ», «Қаракөз», «Гауһар қыз», «Қызық-ай, шіркін», «Желдірме», «Сырмақ үркер», «Өтепберген», «Қыз арманы», «Тоты», «Бірғакты», «Әпитөк» өндері жеңіл-желпі емес, аса шеберлікпен орындауды қажет ететін дүниелер. Кезінде Әсеттің өндері мен әншілігіне қатысты С.Мұқанов: «Біржанның өндері сияқты, Әсеттің өндері де аса биік, аса ырғақты қайырымы қиын болған. Сондықтан, оның өндерін үйрену де қиын еді», – депті. Әсіресе, махаббат, жастық турасындағы өндердің ырғағы, дауысты тым жоғары алуды керек ететіндігі соның айғағы іспеттес. Дәл осы жерде әйгілі әнші, сырлы сазгер Кенен Әзірбаевтың мына бір пікіріне тоқтала кетейік: «Әлі есімде. Жас кезім. Атағым жаңа шыққан әншімін. Іле бойына, осы күні Қапшағай қаласы тұрған кең жазыққа 300 ақ боз үй тігілді. Жарты ай бойы ойын-сауық, бөйге, көкпар, салым, күрес болды. Күн сайын кешке қарай өнер таласы, әншілік сайысы басталады. Міне, осы жиында Әсетті көрдім. Ол отырып ән салған 3-4 үй құлады. Көп үйдің туырлығы, жабығы тілінген. Бәрін істеп жүрген – үйден орын жетпеген жігіттер мен келіншектер. «Әсетті көреміз, дауысын естідік, енді өзін көреміз», – дейді. Ал, өзін көрген әншілердің ішінен Өміре болмаса, Әсетке пар келер ешқайсысы жоқ-ау! Оның үстіне, киген төңірегін зерлеген қызыл мөуіті шапанына дейін көз алдыма қалды», – депті сұхбатында. Сөзсіз Әсеттің әні, әншінің тыңдарманы, Әсеттің сазгерлігі мен өзіндік мектебі болғандығын бұдан да басқа аузы дуалы өнер өкілдерінен естідік. Көзі көріп, құлағы

естігендер Әсеттің өндері мен әншілігін Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Иманжүсіп, Мәдилермен қатар қояды. «Ән салсаң, Әсеттей сал әсемдетіп» дейтін әншінің өз сөзін мақалға айналдырып алған. Өресі биік, өнер иесіне деген мақтан сөздер айтыла бермек. Солай десек те, күні кешегі Кеңес дәуірінде Әсеттің Қытай жеріндегі апасына барғанын, Абайдың әншіге айтқан ақыл-кеңесін, ішкен сусынын сөз етіп, өнер майталманын даттағысы келгендер де болған. Біріншіден, Әсеттің Қытай жерінде апасы болғаны рас. Ол содан қайтып келе жатып, 1922 жылы 55 жасында Уланура жайлауында қайтыс болған. Бұл Әсетті зерттеушілердің барлық жазбасында айтылған. Ал екінші, Абайдың Әсетке шәкірттік тұрғыдан ақыл айтқаны анық. Әншілерді тындап, олардың өнерін көріп жүрген Абайдың: «Біздің әншілердің үнінің зор, тынысы кең екенін мақтан көріп, енді барынша өнеші қызарғанша айқайлап әсерлендірмек болады. Ол ән емес, айқайға айналып кетеді», – деген сөзіне қатысты Әсеттің айтқан қостауында: «Маған Абайдың осы бір сөзі өмірлік сабақ болды», – дегенінен ақ, әншінің айтылған сынға қалай қарағанын түсінеміз. Бұған Абайдың «Әсетке» деп аталатын өлеңін кірістіріп, әншіні таптап тастағысы келетіндер де табылған. Өнер адамының өтірікке айтатын өктемдігі, еліне еркелейтін балалық мінездері болады. Абай Әсеттен басқа Шәкәрім, Әріп және тағы басқаларға да сын айтқан. Көкбайға әзілмен айтқан сындарын еске түсірсек, Әсеттің бойында әншілік, сазгерліктен басқа да қырлары бар екендігін біліп, Абай «тек бір бағытта кете бермесе екен» деген тұрғыдан сын айтуы да мүмкін емес пе?!

Әсет өндерінің келесі бір кемел саласы өмірдің өткізіншілігі, көрілік кезенге қатысты болып келеді. Бұл уәжімізге сазгердің «Көрілік», «Қоңыр қаз», «Қисмет», «Ақырғы сөз», «Майда қоңыр» өндері жауап береді. Жастық, махаббат өндеріндегідей емес, мұнда айқайдан гөрі мұң мен наз, жалған дүниемен амалсыз қоштасар сәттің қимастық көңіл шері аңғарылады. Көбіне желісті аттың екпіні, су жорғаның ырғалта басатын қимылын елестетеді. Әнді әсерлі, мөнерін келісті ету әншіге байланысты. Сазгер, әнші Әсет

оны да жақсы түсінген. Әйтпесе мына сөзді айтар ма еді:

«Бозбала, осы әнімді үйренерсің,
Бірғағын келтіре алмай күйзелерсің...
...Асау ән жетегіне жүрмеген соң,
Біріннен-бірің көріп, сүйрелерсің», – дейді. Көшпелі өмір мен суырыпсалмалық өнерде әнді өзі шығарып, сол әнді өзі келістіре айтқан Әсет қана емес, қазақтың небір дүлдүлдері мен бұлбұлдары өткен. Әсет – сол үрдістің туын биіктетіп, өнердің жанаша бір дәстүрлі отауының шаңырағын көтеріп кеткен қайталанбас талант. Адамның егделенуі, қартаюы, жастық дәурені туралы аңсауларын әнмен әрлеп, соңғы фәни жалғанмен қоштасуын да әуенмен жеткізген әншінің ғұмыры аңызға бергісіз әңгіме:

«Болжаусыз осы екен ғой өлім деген,
Күн бұрын көзге келіп көрінбеген.
Артыма сөз қалдырмай ала кеттім,
Қаптағы дән сияқты себілмеген.
Тірліктің қызығына қызып жүріп,
Айқайға қайран дауысым ерінбеген.
Абайдай арт жағыма сөз қалдырып,
Жақсы еді-ау, өттеген-ай, өлу деген!
Зымырап бөйге атындай өте шықтым,
Жабығып көріп еді көңіл неден?

«Ертең жазып, бір сүтүні бітірем» деп,
Баянсыз тіршілікке сенуменен», – деп, қазақтың саналысының саңылауы бар баласына айтатын аманаты дәстүрге сай айтылған әңгіме, аңыз емес, өлең болып өріліп, ән мақамымен жеткен. Заманында өзімен тендес, өнердің үкілі өкілі Кемпірбай мен Әсеттің қоштасуы кейінге Әсет арқылы жетті. Бүгінде Әсет пен Кемпірбайды еске салатын осы бір ән болып қалды. Жанды тербеп, сүйегінді сырқырататын осындай өндер өмірдің өткізіншілігін жеткізуден қымбат. Өмірден өтер сәтте Әсет ұстазы Абайды айтып, сол данышпан айтқан ақиқаттың ақ жолын баянды қылмағанына өкінішін білдіреді.

Анығына көшсек, «Ұраным – арғын Шордан Қаракесек, Болмайды адалдыққа арам есеп», – деп, шырқата өнге қосқан Әсет Найманбайұлы 1867 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының Қызылжар ауылында дүниеге келген. Сарыарқаның бір биігі бұл өңірден талай таланттар түлеп ұшқан. Әсеттің жастық күндері Семей жерінде өткен. Жас кезінен хат танып, ескі кітаптарды көп оқығаны Әсет шығармашылығынан толық танылады. Абай оның бойындағы дарындылықты ерте байқап, ілім мен білім жолына бұрғысы келген. Бірақ, бір адамға табиғат сонша өнерді үйіп бергеннен кейін бе, Әсет даланың дархандығын аңсап тұрған секілді. Қайда өнер бәсекесі, жиын-той, мереке болса, өнер өрні сол жаққа бұрылып кете берген.

Анығына көшсек, айтулы өнер зерттеушісі, қазақтың ән мен күй өнерінің бірден-бір білгірі Ахмет Жұбанов: «Әсеттің ақындығы әншілігінен кем емес», – деп бағалайды. Әнші-сазгер Әсеттен соңына жүздеген өлең, ондаған айтыс пен бірнеше қисса-дастан қалған. Соңына осыншалық сөз тастаса да, Найманбайдың Әсеті «дегеніме жеттім, айтатынымды айттым» демеген. Қайта ұстазы Абайдың «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл ғылым, ар деген нәрселермен озады», – дегенін терең ұғынып, толық түсінгендігін былайша аңғартады:

«Атым – Әсет, ұраным – арғын Шордан,
Құт дария қырандай шықтым молдан.
Қазіреттің қасында шәкірт едім,

Берік ПАХЫМ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.
(Жалғасы бар).

Қоғамдық тыңдау өткізіледі

«Balqash Resources» ЖШС атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің, жол берілетін төгінділер нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарлама, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылғы 10 тамызда сағат 11.00-де өтеді. Қарағанды облысы, Балқаш Г.А., Гүлшат елді мекені, Гүлшат елді мекені, жергілікті клуб.

Карантиндік шаралар ұзартылған жағдайда, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында онлайн режимінде өткізіледі.

Қатысу үшін келесі сілтемеге көшуді сұраймыз:
https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlID8KqR_11TMVqFqKyTqONXbvg

Идентификатор конференция: 320 844 9619

Код доступа: 8dxVkQ

Бастамашы: «Balqash Resources» ЖШС, тел: 8(701)888-81-12.

ҚОӘБ жобасын әзірлеуші: «КазЭкоПроект» фирмасы Борщенко С.В. ЖК, тел: 8 (7162) 52-52-60.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен esportal.kz сайтта танысуға болады.

Жобабойыншақосымшаақпаратты kazecoproect2012@mail.ru, 8(716-2)52-52-60 телефоны арқылы сұратуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекен-жайлар бойынша қабылдайды: expertiza.upr_krg@mail.ru, Қарағанды к., Лободы көшесі, 20 үй.

ТОО «Balqash Resources» объявляет о проведении общественных слушаний по Проекту нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу, нормативов допустимых сбросов, программы по управлению отходами, проект программы производственного экологического контроля и плана мероприятий по охране окружающей среды.

Общественные слушания состоятся 10 августа 2022 года в 11.00. По адресу: Карагандинская область, Балқаш Г.А., Гулышатская п.а., п.Гулышат, местный клуб.

В случае продления карантинных мер, общественные слушания будут проведены в режиме онлайн на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlID8KqR_11TMVqFqKyTqONXbvg

Идентификатор конференции: 320 844 9619

Код доступа: 8dxVkQ

Заказчик: ТОО «Balqash Resources», тел: 8(701)888-81-12.

Разработчик проекта ОВОС: Фирма «КазЭко-Проект» ИП Борщенко С.В., конт. тел: 8(7162) 52-52-60.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте esportal.kz.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел: 8(716-2)52-52-60, kazecoproect2012@mail.ru

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам expertiza.upr_krg@mail.ru и г.Караганда, ул.Лободы, 20.



Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексінің, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін **8 (71037) 2-10-44** нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Бөкейханов Балабаршын

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның туған інісі **Смахан төренің ұлы Балабаршынның** қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл білдіреміз.

Балабаршын Смаханұлы 1936 жылы дүниеге келген. Құрылыс және архитектура саласында көп жылдар бойы қызмет атқарып, зейнеткерлікке шыққан. Балабаршын ағаның бойында алдыңғы өткен ата-бабаларының өнегелі өмірлері міндеттеген барлық жақсы қасиеттерді: даналықты, данышпандықты, әділеттілікті, отансүйгіштікті, білімділікті, мінезділікті тең берген қасиеттері бар еді. Өрқашанда елге, қазақ халқына қалтқысыз қызмет етуге жаралған жан болған. Ата тарихты тереңнен зерттеп, зерделеп, қазақи білімді асқан ыждаһаттылықпен меңгеріп, жыл сайын ата-бабасының туған жері Ақтоғайға келіп, туыстарымен қауышып, аруақтарға тағзым жасап отырушы еді. Өлекең туралы өзі білетін және әкесі Смахан төреден естіген әңгімелерін еске түсіріп, кейінгі ұрпаққа өнеге етіп кетті.

Балабаршын Смаханұлының есімі мен жарқын бейнесі халқымыздың жадында мәңгі сақталады. Марқұмның жаны жәннатта, иманы саламат болсын.

С.Әбеуова, Р.Әбеуов, Қ.Қошантаев, С.Амралин, А.Аманжолов, Б.Әмірғасым, Т.Таукеев, С.Сыздықов, Қ.Рысбеков, Қ.Абдрахманова, Т.Жармағанбетов, А.Туғанбаев, Қ.Садуақасов, Р.Жүнісов, С.Дүйсебеков, Т.Мұқан, Т.Ахметбеков, М.Жарылғап, М.Татибеков.

Еске алу

Қуаныш ауылының тумасы, руы Құлық-Жалаңтөс **Сметұлы Ерліктің** өмірден өткеніне бір жыл толды. Аяулы жар, балаларының аяулы әкесі, немерелерінің сүйікті атасы, бауырларына аға болған әкемізді сағына еске аламыз.

Бәйтеректей әулетке сая болған,

Бәрінен де мейірімін аямаған. Жәннатта жаның болсын, рухың биік, Өзіндей аяулы жан қайда бізге!

Асыл бейнең өшпейді, Көз алдымыздан кетпейді.

Сағынып жүрміз өзінді, Сағынып сезімі, өткен, саған жетпейді.

Сағына еске алушылар: жолдасы – Гүлмира, балалары – Мөлдір-Серік, Шынар, Жұлдыз-Данияр, немерелері, бауырлары – Жанабек-Бақытжан.

Ағайын-туыс, құда-жекежат, әкеміздің сыныптастары, көзін көрген құрбы-құрдастары, сіздерді ардақты әкеміздің дүниеден озғанына бір жыл толуына байланысты дұға дастарханына шақырамыз. Жылдық асы Қуаныш ауылында өз шаңырағында 15-16 шілде күндері беріледі.

Хабарландыру

Құрметті туған-туыс, құда-жекежат, дос, көрші, барша танытын жамағат, жерлестер!

2022 жылдың шілде айының 9-ы күні сағат 13.00-де Қараталда «Дастан» кафесінде Балаларымыз, руы – төре Рүстем, Бегетай және Бегетай балалары: Қасымбек, Жасымбек, Әбет, Ығыша, Досай, Төлеуғазы әкелеріміз және олардың дүниеден өткен ұрпақтары: Әділғазы, Тілеукең, Төлеубай, Сейіпғазы, Әниша, Дәниша, Сұлтан, Нұрлан, Әниә, Нұркамал, Қазия, Ақан, Бірлік, осы әулеттің дүниеден өткен алтын құрсақты аналар, келіндері Сақып Хасенқызы, Несіп, Гүлбарам, Қауазия, Қалымқан, Пәну, Мағира, Каркен, Бақыт, Сауле, Рая, Баян, Мағытай марқұмдарға бағыштап АС БЕРЛІЕДІ.

Ұрпақтары.

Еске алу



Ардақты әкеміз, руы – Өлтеке-Абыз **Күржібаев Амангелді** көзі тірі болса, 4 шілдеде 70 жасқа толар еді... Сұм ажал ортамыздан алып кеткеніне 22 жыл толып отыр. Әкемізді сағына еске аламыз. Амалымыз қанша, тағдырға қарсы келер ешкім жоқ.

Жағып кеткен ошағыңыз ұрпағыңыз барда ешқашан сөнбейді! Қарашаңырағыңыз ұрпағыңызбен жалғасуда!

Сіздің бейнеңіз жыл өткен сайын жүрегімізге сағыныш отын ұялатып, орныңыз ойсырап қалғаны жанымызға батады. Жатқан жеріңіз жәннатта, жаныңыз жұмақта болсын, жан Әке! Артыңызда дұға қылар ұрпағыңыз барда, сіздің есіміңіз мәңгі өлмейді, жүректен өшпейді! Сіз көрмеген қызықты артыңызда қалған өсіп-өніп келе жатқан ұрпағыңыз, анамыз көрсін! Жатқан жеріңіз жайлы, жарық болсын, Әкешім!

Әкеден асқар жоқ екен, Әкенің сөзі оқ екен. Қарайып жүрсек қасында, Уайым-қайғы жоқ екен. Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып, Ел айтады, жұрт айтады жарысып. Көпшіліктен алған алғыс, сауабың, Жатқан шығар, рухыңмен қауышып. Қол жайып «Әумин» деп бата оқып, Жүреміз талай барып қабіріңе. Мейіріммен жымыған күлкіңізді, Еске алып, мәңгілікке сағынамыз. Жатқан жерің, жан әке, жайлы болып, Сөуле шашып тұрсыншы қабіріңде.

Еске алушылар: анамыз – Шәмшия, балаларыңыз – Токтасын-Перизат, Алмаз-Шакизат, Нүргелді-Индира, немерелеріңіз – Ильяс, Айсұлу, Ернұр, Ерсұлтан, Ермұхамед, Ибраһим, Исатай, Аяла.

Еске алу

Қимас бауыр, аяулы ана, сүйікті қызым **Мұратқызы Жанарымның** өмірден озғанына 19 шілдеде бір жыл толады. Ерлатымды сағынып жүргенде, Жанарым, сенен де айырылып қалдым-ау.

Өмірімің жазы өтіп, күзі қалғанда, Алла мені

балаларыммен сынады ғой. Қолдан келер қайран жоқ, көрмеген қызығың, жасамаған жасыңды ұлың – Ерсін-Арай, немерен – Айкөркем, бауырларыңа нәсіп етсін. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болып, қабіріңе Алланың нұры жаусын деп тілейміз.

Жанарым, шаңыраққа болдың пана, Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға. Амал не, жоқсың бүтін ортамызда, Сағындық қой өзінді баршамыз да. Бауырлардың әрдайым тірегі едің, Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің. Болмасаң да бүтін жанымызда, Айтқан сөзің, назды күлкің жалдымызда. Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы, Сағынышпен туғандары еске алады. Өзіңмен әрбір өткен күндеріміз, Жанымызда мәңгіге сақталады.

Еске алушылар: анан – Мағираш, ұлың – Ерсін-Арай, немерен – Айкөркем, жолдасың – Марат, бауырларың.

Жанардың жылдық асы 16 шілде күні сағат 13.00-де «Ақсоран» мешітінде беріледі. Туған-туыс, құда-жекежат, сыныптастары, дос-жарандарға, көршілерге хабарлаймыз.

Құттықтаймыз!

Құрметті Жанат Зекенқызы!

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Бір ұжымда ұзақ жылдан бері бар күш-жігеріңіз бен қарым-қабілетіңізді жұмсап, еселі еңбектің үлгісін көрсетіп, әріптестер мен дос-жарандардың ортасында үлкен құрметке ие болып келесіз.

Осынау қуанышты сәтте сізге және туыстарыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбекте тың табыстар мен өмірдің асқақ абыройын тілейміз.

Ізгі тілекпен: «Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі» КММ ұжымы.



Құттықтаймыз!

Аса құрметті көршіміз Бұлбұл Мәкәрімқызы!

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз!

Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңыздың ырыс-байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалының, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!

Күндеріңіз көп болсын бақыт тұнған,
Тойларыңыз құралсын өлең-жырдан.
Баянды өмір жетелеп биіктерге,
Көңіліңіз шаттансын қуаныштан.

Құттықтаушылар: Саят-Жанат, Мейрам-Сақып-жамал, Нұрлан-Айгүл, Қуаныш-Мамық, Ардақ, Мұратбек-Бақша, Қайыр, Қанат-Дина, Қуандық-Бибигүл, Төлеген-Гаухар, Тимка-Айнаш.



Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, кішіге қамқор аға, үлкенге ілтипатты іні, құрметті бауырымыз **Ақжолтаев Сағат Ақмағанбетұлы!**

Сәні өмірдің бір биік белесі – 50 жасқа толған мерейтойыңмен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы айтулы мерекен күні саған зор денсаулық, отбасына амандық, қажымас қайрат, баянды бақыт, берекелі де мерекелі ұзақ ғұмыр тілейміз. Отанасы Шынармен бірге бала-шаға, туған-туыстарыңның қызық-қуаныштарына кәсіліп, жарқын жүздеріңді мұң шалмай, арамызда аман-есен жүре беріңдер. Шаңырақтарыңның шаттығы еселеніп, мәртебелерің әрдайым биік болсын!

Құтты болсын келген туған күніңіз,
Тілекші көп, біз де соның біріміз.
Ортамызда жанашыр боп жүресіз,
Болғаннан соң бірге шыққан түбіміз.
Үзілмесін өміріңнің жыр-әні,
Бақытыңның өрге тартып бұлағы.
Еңбегіңнің тек зейнетін көре бер,
Келер күннің сәулелі боп шуағы!

Ігі ниетпен: Ақжолтаевтар әулеті.

Құттықтаймыз!

Құрметті көршіміз Сibaқов Кеңшілік Түрсынбекұлы!

Сізді Пайғамбар жасы 63-ке толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

63-тің төріне қадам басқан ардақты құдай қосқан көршімізге зор денсаулық, ашық аспан, өмірдің барлық жақсылығын, арайлы күннің шуағын, бала-шағаңыздың өркендеп өскен қызық-думанын тілейміз.

Бақша екеуіңіз балаларыңыздың, нәмерелеріңіздің қызығы мен қуанышына, сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс, көрші-қолаң ортасындағы алтын көпірдей кадрлі қалыптарыңызды сақтап жүре беріңіздер.

Ақ тілекпен: Мүкәрем-Кәмел, Тәбарак-Оркен, Атағазы-Сәулә, Маша тәте, Жанар, Сағат-Бақытгүл, Жанагүл, Гүлмира, Ерлан, Еркебұлан-Әсем, Ернат-Мәншүк.



Құттықтаймыз!

Құрметті Кеңшілік Түрсынбекұлы!

Сізді зейнеткерлік жасқа келуіңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Мол қажыр-қайрат, зор денсаулық, жемісті еңбек, отбасына амандық тілейміз. Қызық-думан еш таусылмай, отбасы, ағайын-туыс ортасында абыройыңыз асып, мерейіңіз тасып, қуаныштарға кәсіліп беріңіз. Алланың берген жасын жасап, ауырмай-сырқамай бақытты ғұмыр кешуіңізге тілектеспіз. Әрбір арайлап атқан таң сізге тек қуаныш пен береке әкелсін!

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан,
Жалғанда тілек бар ма одан асқан.
Аман боп жанұяң мен туыстарың,
Жалғансын ақ таңдарың нұрын шашқан.

Ақ тілекпен: Әуелбек-Айтбала, Еркін-Айшабибі.



Еркін елдің ертеңі

Тәуелсіз еліміздің болашағы – білімді ұрпақ



тұлғаның қажеттілігіне сәйкес келетін бүгінгі білім сапасын көтеру және басты бағыт болып табылады. Ұлттық бірыңғай тестілеу жалпы орта білім беру ұйымдарында оқушылардың қорытынды аттестаттауының бір түрі.

Сапалы білім саналы ұрпақты қалыптастырып қана қоймайды, кейінгілерге үлгі-өнеге болады. Қазір білім санмен емес, сапамен өлшеуге тиіс. Дегенмен, Манарбек Ержанов атындағы жалпы білім беретін мектептің түлегі Қажымұрат Мирас Қанатұлының ҰБТ-дан 133 балл алғаны барлық ұстаздарын қуантты. Мирастың осы бір Ұлттық бірыңғай тестілеуден алған ұпайы – түлегіміздің өз білім деңгейінің көрсеткіші, яғни он бір жылдық білімінің жемісі.

Қажымұрат Мирас Ақтоғай ауданы бойынша ең жоғары балл алып отыр, мектебіміздің «Алтын белгі» иегері. Ол өзін тәзімді және білімді оқушы ретінде көрсете алды. Оқушымыз ҰБТ-дан жоғары балл аламын деп өзіне мақсат қойған болатын, дегеніне жете білетін талапты оқушымыз өз мақсатына жетіп, ұстаздарының да еңбегін ақтап шықты.

Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі мектепте оқу процесінің жүйелі жүргізілетіндігіне және педагогтар мен ата-аналардың қаншалықты тығыз байланыста жұмыс жүргізуіне тікелей байланысты. Тестілеу мектеп түлектерінің келешек өмірі мен болашақ мамандығына алар жолдамасы іспетті. Сондықтан да, қазіргі таңдағы баланың ақыл-ойының дамуы, тез дамып жатқан өркениетте өз орнын табуға үйрету – біздің басты міндетіміз. Жас ұрпақтың сапалы білім алуға, жоғары мәдениетті болуға, бірнеше тілді меңгеруге, ақпараттық технологияларды жетік меңгеруге ұмтылыстары ерекше. Бүгінгі мен кешегі оқушының арасы жер мен көктей деуге толық негіз бар. Ендігі кезекте Қажымұрат Мирас өзінің тиянақты біліміне сәйкес ЖОО-ның грант иегері атанады деп сенеміз.

**Алтынгүл Босалова,
М.Ержанов атындағы ЖББ мектептің
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары»
газетін сайттан да
оқыңыз!

<https://aqtogaiajary.kz/>

Жаңалықтан құр қалмаңыз!

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА Жауапты хатшы: Думан ҚАБЫЛ

Директор-Бас редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

**Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті
редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан
Республикасы ақпарат және даму Министрлігі
2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

**Мақала авторларының пікірі
газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 950 дана**

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай
ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81,
тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**

**Электрондық пошта aqtogai_red @
mail.ru**

**Газетке А4 форматты 3 беттен асқан
материалдар қабылданбайды.**

